

**8D013 - пәндік арнайы мамандандырусыз педагогтарды
даярлау бағыты бойынша
(6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы)
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жияшева
Жанар Шораевнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін
оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі басым бағыттар бойынша жүргізілуде, олар: білім беру үдерісін цифрландыру, қашықтан оқыту, білім берудегі ақпараттық басқарушылық. Мұндағы басым бағыттарда көтерілу Қазақстанда білім беруді ақпараттандыру, оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың қатарынан бола отырып, тұлғаның ақпараттық білім ортасын жобалау және шығармашылық мүмкіндік алу сапаларын тәрбиелеу идеяларын көкейкесті етеді. Қазіргі уақытта педагогикалық теория мен практикада оқушылардың ақпараттық білім ортасы бойынша білімді терең игеруге ықпал ететін және оқытуды ұйымдастыру негізінде дамытуды көздейтін жеке тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасын жүзеге асырудың бір құралы ретінде ақпараттық білім беру ісі ЖОО-да мамандар даярлау ісінде қарастырылуы маңызды. Ендеше, ЖОО-да болашақ мамандарды даярлау ісінде ақпараттық білімдік ортаны жобалауды практикалық тұрғыда ұйымдастыру өзіндік сұранысқа ие мәселе.</p> <p>Бұлай деуге толықтай негіз бар, себебі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; «Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» арқылы жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.</p>

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе бағдарламаның нысаналы аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында болашақ маманның өз кәсіби қызметінде мейлінше, кең әрі тиімді түрде оқытудың жаңа технологияларын қолдану, заман талабына сай, қоғам өзгерісіне лайықты құзыретті, өзгерістерге бейімделу деңгейі ақпараттық білімді енгізуге қабілетті болуын көздеп отыр. Алайда, бұл айтылғандардың барлығы дерлік білім негізі қаланатын бастауыш білім саласынан бастап ұйымдастырылуы қажет. Сондықтан болашақ бастауыш сынып педагогтерін ЖОО-да оқушының ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлануы өзекті.</p> <p>Бүгінгі таңдағы ақпараттық орта құрудың өзектілігін дәлелдей түсетін нормативтік құжаттардың бірі – «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.</p> <p>Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында адами капиталды дамытуда педагогтердің ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттеледі.</p> <p>Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттарына сай беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау» атты зерттеу тақырыбының өзектілігі мен өміршеңдігін одан әрі тереңдете түседі.</p> <p>Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	<p>Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлесін қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p><i>Біріншіден</i>, болашақ бастауыш сынып</p>

			<p>мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Екіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік негіздері ретінде жүйе ұсынуы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Төртіншіден,</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі: «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы, «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құралдың әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосады, оның практикалық маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Докторант Ж.Ш.Жияшева диссертациялық жұмысында өзі жазу принципін ұстанады. Ж.Ш.Жияшева диссертацияны жазу барысында ізденіс жұмыстарын терең талдаған, себебі ғылыми мәліметтерді базалық, категориялық талдауда өзіндік пікір, пайымдау, тұжырымдау әрекеттерін жүзеге асырған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны бойынша таңдалған ақпараттар сапасы жағынан дербес, әрі түсінікті тілде, логикалық құрылымды көрсетеді. Ж.Ш.Жияшева диссертацияны өзі жазу деңгейі бойынша жеке ғылыми стилінің жоғары екендігін байқауға болады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды негіздеуде анықталған карама-қайшылықтар, ғылыми боламда, қағидаларда дәлелденіп, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесін, құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация	<p>Диссертация мазмұны тақырыпты толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны</p>

	<p>такырыбын айкындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айкындайды; 2) жартылай айкындайды; 3) айкындамайды 	<p>кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеу мәселесі мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айкындайды.</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айкындайды, әдістемелік негіздерін жүйелеуді, құрылымдық-мазмұндық моделін және әдістемесін дайындауды, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруді орындаумен сәйкес келеді.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айкындауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, әдістемелік негіздерін жүйелеуде, құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</u> 	<p>Докторант Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және</p>

		<p>табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сай жинақталған мәліметтер сарапталып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалғандықтан толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Сонымен қатар, егер бiдiмдi ақпараттандыру мен цифрландырудың түбегейлi ерекшелiктерi мен ұқстатығы көрсетiлген жағдайда, жұмыстың құндылығы артар едi.</i></p> <p>Екінші ғылыми нәтижеге жетудегі ғылыми еңбектерді зерделеуде категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік негіздерінің жүйеленуі - екінші нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынына дәлел.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың ғылыми негізделген әдістемесі жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін толығымен жаңа деп санаймыз.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз.</p> <p>Бірінші қорытынды бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаудағы білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялардың даму бағдарламаларымен байланыста, диалектикалық ойлау арқылы</p>

			<p>философиялық, психологиялық және педагогикалық, ақпараттық теорияларға тұжырым жасау мен әдіснамалық тұғырларының түзілуі бірнеше еңбектердегі талдауларға сүйену арқылы алынғандықтан <i>жартылай жаңа</i>.</p> <p>Екінші қорытынды бойынша докторант білімнің жүйелік логикасын сақтай отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесін ұсынады, жүйенің құрылымы мен мазмұнына сипаттама береді, негізгі қорытындыға орай <i>толығымен жаңа</i> болады.</p> <p>Зерттеудің үшінші қорытындысы ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың жалпы мазмұны құрылымдық-мазмұндық модельдеудің негізінде түсініп танылады. Динамикалық-педагогикалық жүйе ретіндегі түзілген компоненттер: мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық деп алынып, өлшемдері мен көрсеткіштерінің, әдістері мен формаларының жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылатын тұтас құрылым ретінде берілуі <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p>Автордың диссертациялық жұмысындағы төртінші қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі: студенттерге арналған «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы және «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құралдың дайындалуы <i>толығымен жаңа</i>.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың ғылыми-тәжірибелік негізі <i>толығымен жаңа және негізделген</i> болып табылады. Диссертациялық жұмысы барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделеді.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысында алынған нәтижелермен қорытындылар педагогика және бастауыш білім берудегі бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан негізделген. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұжырымдар мен қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар педагогикалық ЖОО-да, педагогикалық колледждер мен біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибелерінде пайдалануға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған төрт қағидаға айтуға болады:</p> <p>1) <i>ақпараттық білім ортасы</i> – көп өлшемді, өзіндік ұйымдасу қасиеті болатын, студенттің болашақ маман ретінде танымдық, кәсіби, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына тірек болатын ерекше білімдік орта; <i>болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы</i> – білім алушылардың өз әрекетін ұйымдастырушылық-педагогикалық тұрғыдан басқарып, сапалы білім алуына ықпалын тигізетін, өзара байланысқан құрылымды білдіретін ақпараттық білім беру кеңістігі деп нақтылануы дәлелденген; тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және екі мақалада (Ақпараттық қоғамдағы білім беру жүйесін жетілдірудің қазіргі заманғы үрдістері // «Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар»: Еуразиялық педагогикалық университеттер қауымдастығының Халықаралық форумының материалдары. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – Б. 154-158.</p> <p>Жоғары оқу орнында ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудың тұжырымдамалық негізі // Профессор Е.Ы. Бидайбековтың 75-жылдығына және мектеп информатикасының 35-жылдығына арналған «Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда» атты ІХ Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. Алматы 2020. – Б. 314-318.) дәлелденген.</p> <p>2) болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау үдерісінде</p>

			<p>субъектілік ұстанымын қамтамасыздандыру; болашақ маманды өз бетімен жобалау құруға белсенді қатыстыру; жағымды ақпараттық білім ортасы мен психологиялық климат құру; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауға тиімді формалар мен әдістерді, технологияларды белсенді пайдалану; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауын есепке алуда әдістемелік жүйенің жасалуы дәлелденген; тривиалды емес, жана, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және бір мақалада (Teacher's Views on the Use of Information and Communication Technologies (ICT) in Education Environments // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET) Vol. 16, No. 03, 2021 Pages 261-273.) дәлелденген.</p> <p>3) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау үдерісі мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштері жоғары, орта, төмен деңгейлеріне сәйкес жүзеге асырылуы дәлелденген; тривиалды емес, жана, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және бір мақалада (Болашақ маманның ақпараттық білім ортасы моделін іске асырудың әдістемелік ерекшеліктері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. №10/1(141) 2020 – Б. 132-136.) дәлелденген.</p> <p>4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі: студенттерге арналған «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы және «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құралдың дайындалуы және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген; тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және бір мақалада (Бастауыш мектепте дене тәрбиесі сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану // «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» ғылыми – теориялық журналы. №3 (61) 2020 – Б. 97-103) дәлелденген.</p>
--	--	--	---

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Докторант Ж.Ш.Жияшеваның диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында басшылыққа алынған жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, ақпараттық тұғырлар басшылыққа алуымен нақты жазылған.</p> <p>Диссертант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін білім берудің үздіксіздігі қағидасы, гуманистік қағидасы, интеграция қағидасы, ашықтық қағидасы, ақпараттық мәдениет қағидасы, білім берудің іргелілігі мен тұтастығы қағидаларын басшылыққа алынуы нақты.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертант болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың мақсатын, міндеттерін шешу үшін алынған диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	<p>Ж.Ш. Жияшеваның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау» атты диссертациясындағы эксперименттік-тәжірибе жұмыстарына 140 студент қатысты: эксперименттік топта «6В01301 – Бастауыш білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» мамандығының 72 студенті (Абай атындағы ҚазҰПУ-нен), ал бақылау тобына «6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 68 студенті (М.Әуезов атындағы ОҚУ) қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді.</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқа да ғылыми басылымдарда жарияланған. Scopus деректер қорына енетін ғылыми журналдарда – 1; ҚР БЖҒМ жанындағы Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған</p>

			ғылыми басылымдарында – 3, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 3 мақалада көрініс тапқан.
		8.3 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Ақпараттық білім ортасы, оны жобалау жұмыстарына қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық саладағы еңбектер, ҚР БЖҒМ ресми құжаттар, нормативтік актілер, отандық ғалымдардың іргелі зерттеулері, алыс-жақын шетелдік ғалымдар жетістіктері, жаңа форматта дайындалған зерттеулер, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. <i>Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерге нақтырақ шолу жасалған жағдайда жұмыстың құндылығы артады.</i>
		8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 189 әдебиетті құрайды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ: 1) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды; 2) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі дайындалды; 3) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңыздылығы: - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың даярланған әдістемесі: студенттерге арналған «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы және «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құрал болады. Алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Практикалық ұсыныстар: 1) ЖОО-да оқу жоспарына таңдау компоненті ретінде біз құрастырған элективті курсты, сонымен қатар зерттеу барысында

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізу деп берілген ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>2) болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-жобалық іс-әрекетінде ғылыми жоба тақырыптары аясын кеңейту деп қойылған ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>3) Зерттеу тақырыбы бойынша болашақ бастауыш сынып мамандарының үздіксіз педагогикалық практика өту кезінде мұғалімдер үшін интеллектуалды әлеуетке байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, авторлық бағдарламалар жасау, оқу-әдістемелік кешендер даярлау деп берілген ұсыныстары толығымен жаңа.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу түрі – диссертация. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолданыла білген, сондай-ақ әрбір сілтемеден соң өзіндік пікірін, тұжырымын беру сапасы жоғары. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, докторант жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес.</p> <p>Диссертациялық жұмысқа ұсыныс:</p> <p>-бастауыш мектепке арналған ақпараттық білім ортасын жобалаудағы қажетті бағдарламаларды жеке талдап көрсету қажет еді.</p> <p>Алайда, бұл берілген ұсыныстар диссертация маңыздылығының төмендеуіне әсер етпейді. Бұл – ұсыныс. Болашақтағы ізденіс жұмыстарында ескеріледі деп сенемін.</p>

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Жияшева Жанар Шораевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру.

Ресми рецензент,
Педагогикалық зерттеулер институты
п.ғ.д., қауымд. профессор



Г.Б.Ахметова